

**Сәйкестендіру есебін қоса алғанда, ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жүргізу, табыс ету қағидаларын бекіту туралы**

*Күшіні жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 қарашадағы № 1259 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 680 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 680 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 7-1/394 бұйрығын қараңыз.

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 5-бабының 15) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Сәйкестендіру есебін қоса алғанда, ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жүргізу, табыс ету қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі* *Қазақстан Республикасының*  
*К. Мәсімов*  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 қ а р а ш а д а ғ ы  
№ 1 2 5 9 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Сәйкестендіру есебін қоса алғанда, ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жүргізу, табыс ету қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Сәйкестендіру есебін қоса алғанда, ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жүргізу, табыс ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 5-бабының 15) тармақшасына сәйкес әзірленген және сәйкестендіру есебін қоса алғанда, ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жүргізу, табыс ету тәртібін белгілейді.

2. Ветеринариялық есепке алу мен есептілікті мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің эпизоотиялық, ветеринариялық-санитариялық жағдайының мониторингін жүргізу және бағалау, ветеринариялық қағидалардың, сондай-ақ жүргізілетін диагностикалық, эпизоотияға қарсы, емдік, ветеринариялық-санитариялық және жою бойынша іс-шаралардың көлемі мен тиімділігін сақтау мақсатында мынадай тұлғалар:

1) ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

2) ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелері (бұдан әрі – ЖАО бөлімшелері);

3) мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар;

4) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалауды жүзеге асыратын ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосы, оның аумақтық бөлімшелері, оның ішінде ветеринариялық бақылау бекеттері (бұдан әрі - уәкілетті орган ведомствосы) жүзеге асырады.

3. Сәйкестендіру есебін қоса алғанда, ветеринариялық есепке алу мен есептілік нысандарын ветеринария саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

4. Ветеринариялық есептілікті жауапты тұлға толтырады және тиісті мөрмен бекітіледі.

5. Ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелері есептілікті мынадай тәртіппен табыс етеді:

1) селолық (кенттік) округтердің ЖАО бөлімшелері ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар ұсынған есептердің негізінде ветеринариялық есептілікті жинақтайды және есеп беру кезеңінен кейінгі айдың оныншы күнінде аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ЖАО бөлімшелеріне береді;

2) аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ЖАО бөлімшелері ветеринариялық есептілікті айдың он бесінші күніне қарай облыстың ЖАО бөлімшелеріне және есептіліктің екінші данасын ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының тиісті аумақтық бөлімшесіне береді;

3) жинақтау және талдаудан кейін облыстың (республикалық маңызы бар

қаланың, астананың) ЖАО бөлімшелері талдауды жүзеге асыру үшін есеп беру кезеңінен кейінгі айдың жиырмамыншы күнінде ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) – ветеринария саласында басшылықты және мемлекеттік саясатты іске асыруды, сондай-ақ өз өкілеттігі шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органға ветеринариялық есептілікті береді.

## **2. Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың ветеринариялық есепке алуды жүргізу және есептілікті ұсыну тәртібі**

6. Ветеринариялық есепке алу журналдарындағы жазбалар тиісті жұмысты орындау үдерісінде немесе ол тікелей аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

7. Ветеринариялық есепке алу журналдарын: ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың; ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың бөлімшелерінің; мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың; уәкілетті орган ведомствосының тиісті журналды жүргізетін адамдары тігеді, нөмірлейді және тиісінше мөрмен бекітеді.

8. Ветеринариялық есепке алу журналының титулдық парағында журналдың атауы, жазбалардың басталған және аяқталған күндері, тиісті журналды жүргізуге жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты, сондай-ақ лауазымы көрсетіледі.

9. Ветеринариялық есепке алу журналдары жазбалардың аяқталған уақытынан бастап үш жыл бойы сақталады (әкімшілік-аумақтық бірліктің эпизоотиялық жағдайын жазуға арналып үнемі сақталуға жататын журналды қоспағанда).

10. Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар олардың жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметінің түріне қарай ветеринариялық есепке алудың мынадай журналдарын жүргізеді:

1) ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды жазу журналы (ветеринариялық есеп, № 1-вет нысан) - жұқпалы және жұқпалы емес ауруларға қарсы жүргізілетін іс-шаралар: диагностикалық зерттеулер, профилактикалық және мәжбүрлі егулер, жануарларды паразиттерге қарсы дауалау және ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар мәліметтерін тіркеуге арналған.

Журналға мәліметті жұмысты жүргізген күні енгізеді. Жазбаны ветеринариялық дауалауды және диагностикалық (аллергиялық) зерттеулерді

көрсете отырып, жануарлардың (құстарды қоса алғанда) әр түрі бойынша  
жеке - жеке жүргізеді.

Бұл журналды емдеу-профилактикалық қызметпен айналысатын жеке  
тұлғалар жүргізеді;

2) жануарлардың ауруларын тіркеу журналы (ветеринариялық есеп № 2-вет  
нысан) - ауру жануарларды тіркеуге және оларға көрсетілген емдік көмекті,  
сондай-ақ аурудың нәтижесін жазуға арналған.

Журналда емдік көмек көрсетілген ауырған жануарлар туралы жазбалар  
жүргізіледі.

Бұл журналды емдеу-профилактикалық қызметпен айналысатын жеке және  
заңды тұлғалар жүргізеді;

3) жануарларды дайындау (сою), сақтау, қайта өңдеу және сату  
объектілеріндегі ет пен қосымша өнімдерді, жануарлардан алынған өнім мен  
шикізатты ветеринариялық-санитариялық сараптауды есепке алу журналы (   
ветеринариялық есеп, № 3-вет нысан).

Бұл журналды жануарларды дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді  
және сатуды жүзеге асыратын объектілердің, жануарлардан алынатын өнімдер  
мен шикізатты өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық мамандары  
жүргізеді.

Бұл нысан бойынша журналда етті қайта өңдеу кәсіпорнының әрбір күні үшін  
ветеринариялық-санитариялық сараптау нәтижелерін есепке алу жүргізіледі;

4) ішкі сауда объектілерінде ет, балық, теңіз өнімдерінің және  
жұмыртқалардың ветеринариялық-санитариялық сараптау журналы (   
ветеринариялық есеп, № 4-вет нысан) - ішкі сауда объектілеріне келіп түсетін ет,  
ет өнімдеріне, жұмыртқалардың, балық және басқа теңіз өнімдеріне  
ветеринариялық-санитариялық сараптау жүргізуді күнделікті есепке алуға  
арналған;

5) ветеринариялық-санитариялық сараптау зертханасында сүт және сүт  
өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптауды есепке алу журналы (   
ветеринариялық есеп, № 5-вет нысан) - ішкі сауда объектілеріне келіп түсетін сүт  
пен сүт өнімдерін күнделікті есепке алуға және оларға  
ветеринариялық-санитариялық сараптау жүргізуге арналған;

6) ветеринариялық-санитариялық сараптау зертханасында балды сараптау  
журналы (ветеринариялық есеп, № 6-вет нысан).

Бұл журнал ішкі сауда объектілеріндегі ветеринариялық-санитариялық  
сараптау зертханаларына келіп түсетін балды есепке алуға арналған;

7) ішкі сауда объектілеріндегі ветеринариялық-санитариялық сараптау  
зертханаларында радиологиялық зерттеулерді жазу журналы (ветеринариялық  
есеп, № 7-вет нысан) - ішкі сауда объектілерінде ветеринариялық-санитариялық

сараптау зертханаларының жануарлардан және өсімдіктерден алынатын өнімдер мен шикізаттардың радиологиялық зерттеулерінің нәтижелерін тіркеуге арналған .

11. Осы Қағидалардың 10-тармағының 3)-7) тармақшаларында көрсетілген журналдарды жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық-санитариялық сараптамасы бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар жүргізеді.

12. Осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген есепке алу журналдарының деректері негізінде жеке және заңды тұлғалар есептіліктің мынадай нысандарын ұсынады :

1) жануарлары (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды жүзеге асыратын объектілердегі ветеринариялық-санитариялық сараптау туралы есеп (№ 1-вет нысан), онда союздан кейінгі ветеринариялық-санитариялық сараптаудың нәтижелері көрсетіледі .

Бұл есептілікті толтыру кезінде осы Қағидалардың 10-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген журналдардың деректері пайдаланылады;

2) ішкі сауда объектілерінде жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық-санитариялық сараптамасы туралы есеп (№ 2-вет нысан). Осы Қағидалардың 10-тармағының 4)-7) тармақшаларында көрсетілген журналдар есепті жасау үшін алғашқы деректер болып табылады;

3) мемлекеттік тапсырыс бойынша алынған биологиялық препараттардың болуы және жұмсалуы туралы есеп (№ 3-вет нысан).

Есеп жануарларға профилактикалық және мәжбүрлі егулердің жүргізілуі туралы алғашқы ветеринариялық актілердің негізінде жасалады.

Жарамдылық мерзімдері әртүрлі ветеринариялық препараттар болған (қалған ) кезде олардың атаулары қайта көрсетілуі тиіс;

4) заңды тұлғалардың ветеринариялық препараттарды өндіруі туралы есепті ( № 4-вет нысан) ветеринариялық препараттарды өндірушілер береді.

13. Осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген ветеринариялық есептілікті тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне есеп беру кезеңінен кейінгі айдың бесінші күнінде ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар береді.

14. ЖАО бөлімшелері есептілікті осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген тәртіппен ұсынады.

### 3. Ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар бөлімшелерінің ветеринариялық есепке алуды жүргізу және есептілікті табыс ету тәртібі

15. Аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің ЖАО бөлімшелері ветеринариялық есепке алудың мынадай журналдарын жүргізеді:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте ветеринариялық қызметті көрсету бойынша бәсекелік сектор болмаған жағдайда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО бөлімшелерінің мамандары осы Қағидалардың 10-тармағының 1) және 2) тармақшасында көрсетілген журналды жүргізеді;

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте (аудан, қала, кенттік немесе селолық округте) пайда болатын инфекциялық және инвазиялық аурулар жөнінде деректер енгізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің эпизоотиялық жағдайын жазу журналы (ветеринариялық есепке алу, № 8-вет нысан);

3) № 6-вет нысан бойынша есеп жасау үшін негіз болатын балықты зерттеуді, балық шаруашылығындағы (балық кәсіпшілігінің су қоймасындағы) ветеринариялық іс-шараларды есепке алу журналы (ветеринариялық есепке алу, № 9 - вет нысан).

16. Осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген журналдардың негізінде ЖАО бөлімшелері есептіліктің мынадай түрлерін ұсынады:

1) жануарлардың аурулары жөнінде есеп (№ 5-вет нысан). Осы Қағидалардың 15-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген журнал есепті жасау үшін бастапқы деректер болып табылады.

Б ұ л е с е п т е :  
жануарлардың жұқпалы аурулары туралы;  
жануарлардың жұқпалы ауруларының анықталған қолайсыз пункттері бойынша қосымша мәліметтер туралы;  
жануарлардың жұқпалы емес аурулары туралы;  
жануарлардың инвазиялық аурулары туралы;

республикалық бюджет қаражаты есебінен диагностикалық зерттеулер туралы ;

басқа қаржы көздерінің қаражаты есебінен диагностикалық зерттеулер туралы ;

республиканың асыл тұқымды шаруашылықтары желісіндегі мал басының диагностикалық зерттеулері туралы;

егулер мен емдік-профилактикалық іс-шаралар туралы;  
жүргізілген ветеринариялық-санитариялық жұмыс туралы ақпарат көрсетіледі

Есепке жануарлардың жұқпалы аурулары бойынша пайда болу және таралу себептері мен оларды жою бойынша қабылданған іс-шаралар, жануарлардың өлім-жітімінің себептері мен профилактикасының қолданылған әдістері көрсетілген қысқаша түсіндірме жазба қоса беріледі;

2) балық аурулары туралы есеп (№ 6-вет нысан). Есеп балық және балық шаруашылығының су қоймаларындағы басқа да су организмдерінің ауруларын есепке алу, балық шаруашылығының су қоймаларындағы эпизоотияға қарсы және емдік-профилактикалық іс-шараларды, су қоймаларының диагностикалық зерттеулері мен оларды паспорттаудың деректерін есепке алу деректерінің негізінде жасалады.

Осы есепте жалпы мәліметтер, қолайсыз объектілер және жүргізілген ветеринариялық іс-шаралар туралы мәліметтер көрсетіледі. Есеп осы Қағидалардың 15-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген журналдың деректері бойынша жасалады.

Анықталған аурулардың ішінде балықтардың залалдану немесе клиникасының болу дәрежесіне қарамастан бронхиомикоз, албырт айналмасы, торсылдақтың қабынуы, желбезек ауруы, бақтақтың инфекциялық қан аздығы, тұқы шешегі, фурункулез, көксеркенің арамбез ауруы, шортан обасы, ихтиофтириоз, ботриоцефалез, кавиоз, дифиллоботриоз, описторхоз, филометроидоз міндетті түрде көрсетіледі. Есепке балықтың басқа да жұқпалы аурулары енгізіледі;

3) ветеринариялық препараттарды қолдану және жем мен жем қоспаларын пайдалану туралы есеп (№ 7-вет нысан).

Бұл есепте ветеринариялық препараттарды қолдану және жем мен жем қоспаларын пайдалану кезінде тиімділігі немесе жанама әсерлері туралы мәліметтер көрсетіледі;

4) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ЖАО ветеринариялық-санитариялық объектілерді салу, лицензиялау және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру туралы есеп (№ 8-вет нысан).

Б ұ л е с е п :

ветеринария саласында қызметтер көрсететін өндірістік және шаруашылық субъектілерінде жұмыс істейтін ветеринариялық мамандардың (лицензиаттардың) саны туралы есепті;

ветеринариялық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиялардың саны туралы есепті;

союз пункттерін және мал көмінділерін салу үшін жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттың болуы және көлемі туралы есепті;  
ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу туралы есепті

қ а м т и д ы .

17. ЖАО бөлімшелері есептілікті осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген тәртіппен ұсынады.

#### **4. Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринариялық есепке алуды жүргізу және есептілікті табыс ету тәртібі**

18. Ветеринария саласындағы мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар (бұдан әрі - мемлекеттік ұйымдар) жүзеге асыратын функцияларына қарай ветеринариялық есепке алудың мынадай журналдарын жүргізеді:

1) ветеринариялық зертханаға келіп түскен материалдарды тіркеу журналы (ветеринариялық есепке алу, № 10-вет нысан).

Бұл журнал ветеринариялық зертханаларға келіп түскен ветеринариялық материалдарды және оны одан әрі бөлімдер бойынша үлестірілуін тіркеуге арналған ;

2) бактериологиялық зерттеулер журналы (ветеринариялық есепке алу, № 11-вет нысан) ветеринариялық зертханалардың бактериологиялық бөлімдеріне келіп түскен материалдарға жүргізілген зерттеулер нәтижелерін енгізуге арналған;

3) вирусологиялық зерттеулер журналы (ветеринариялық есепке алу, № 12-вет нысан), онда ветеринариялық зертханалардың вирусология бөлімдеріне келіп түскен материалдар мен жүргізілген зерттеулердің әдістері тіркеледі;

4) серологиялық зерттеулер журналы (ветеринариялық есепке алу, № 13-вет нысан) ;

5) гематологиялық зерттеулер журналы (ветеринариялық есепке алу, № 14-вет нысан) .

Бұл журналға жануарлар қанын зерттеудің нәтижелері енгізіледі;

6) гистологиялық зерттеулер журналы (ветеринариялық есепке алу, № 15-вет нысан) .

Бұл журналда гистологиялық зерттеулер үшін жіберілген жануарлардың ағзалары немесе олардың бөліктері, сондай-ақ олардан табылған патологогистологиялық өзгерістер сипатталады;

7) преципитация реакциясымен сібір жарасына зерттелетін барлық шикізат сынамаларын тіркеуге арналған тері және үлбір шикізатының сынамаларын сібір жарасына зерттеу журналы (ветеринариялық есепке алу, № 16-вет нысан);

8) жануарлардың паразитарлық ауруларына зертханалық зерттеулерді есепке алу журналы (ветеринариялық есепке алу, № 17-вет нысан), онда гельминтоздарға, гемоспориоздарға және арахноэнтомоидтарға зерттеу үшін зертханаға жіберілетін материалдар тіркеледі;

9) жемшөп пен басқа материалдардың микотоксикологиялық зерттеулер



журналы (ветеринариялық есепке алу, № 18-вет нысан).

Бұл журналда зертханаларда улы саңырауқұлақтармен зақымданған зерттелетін жемшөп сынамалары тіркеледі.

Журналдағы жазбаны барлық зерттеулердің барысы толық жазылған бастапқы жұмыс жазбалары бойынша алғашқы жазба дәптерінде жүргізу ұ с ы н ы л а д ы ;

10) химиялық-токсикологиялық зерттеулер журналы (ветеринариялық есепке алу, № 19-вет нысан) материалдардың уыттылығын зерттеу нәтижелерін жазуға немесе олардағы улы заттарды анықтауға арналған.

Журналда жемшөп сынамалары (пішеннің, шөптің және басқаларының), патологиялық (ағзалар, олардың бөліктері, ішек-қарын жолының ішіндегісі және басқасы) немесе жануардың өліміне себеп болуда деп күмәнданған өзге материал т і р к е л е д і ;

11) биохимиялық және зертханалық-клиникалық зерттеулер журналы (ветеринариялық есепке алу, № 20-вет нысан).

Бұл журналда жануардың организміндегі алмасу үдерістерінің жағдайын анықтау үшін келіп түсетін қан, зәр, сүт сынамаларын, сондай-ақ ондағы нәрлі заттардың болуын анықтау үшін жемшөп сынамаларын тіркейді;

12) балық шаруашылығының су қоймаларын гидрохимиялық және токсикологиялық зерттеулер журналы (ветеринариялық есепке алу, № 21-вет нысан) судың, топырақтың, планктон мен балықтың химиялық және токсикологиялық зерттеулерінің нәтижелерін көрсетеді.

Бұл журналды ветеринариялық ихтиопатолог дәрігерлер немесе ветеринариялық зертханалардың химиялық-токсикологиялық бөлімдері жүргізеді ;

13) ветеринариялық зертхананың радиологиялық бөлімінің зерттеулерді есепке алу журналын радиобелсенділігін анықтау мақсатында материалдардың зерттеу нәтижелерін көрсету үшін радиологиялық бөлімнің меңгерушісі жүргізеді (ветеринариялық есепке алу, № 22-вет нысан).

Журналда жемшөп (пішен, шөп және басқалар) сынамалары, патологиялық материал, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат, балық пен балық өнімдері және басқа мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілері тіркеледі. Бұл журналды ветеринариялық радиобиолог дә р і г е р жү р г і з е д і ;

14) зерттеуге келіп түскен биологиялық материалды тіркеу журналы (ветеринариялық есепке алу, № 23-вет нысан);

15) микроорганизмдердің ветеринарияда пайдаланылатын келіп түскен штаммдарын тіркеу журналы (ветеринариялық есепке алу, № 24-вет нысан);

16) микроорганизм штаммдарының тазартылған дақылдарын тіркеу журналы

(ветеринариялық есепке алу, № 25-вет нысан);

17) микроорганизмдердің өндірістік және мұражайлық штаммдарын тіркеу журналы (ветеринариялық есепке алу, № 26-вет нысан);

18) жануарлардың инфекциялық, инвазиялық және саңырауқұлақтық ауруларының қоздырғыштарымен залалданған зертханалық жануарларды есепке алу журналы (ветеринариялық есепке алу, № 27-вет нысан);

19) микроорганизм штаммдарын беру журналы (ветеринариялық есепке алу, № 28 - в е т н ы с а н ) ;

20) микроорганизм штаммдарының қасиеттерін тексеру нәтижелерін тіркеу журналы (ветеринариялық есепке алу, № 29-вет нысан);

21) биоматериалды, микроорганизм штаммдарының дақылдарын жоюды тіркеу журналы (ветеринариялық есепке алу, № 30-вет нысан);

22) жануарлардан алынатын тамақ өнімдерін, жартылай фабрикаттарды және шикізатты сараптау нәтижелерін тіркеу журналы (ветеринариялық есепке алу, № 31 - в е т н ы с а н ) ;

23) молекулярлы-генетикалық зерттеулердің нәтижелерін тіркеу журналы (ветеринариялық есепке алу, № 32-вет нысан).

19. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар нысандағы мемлекеттік ұйымдар есептіліктің мынадай түрлерін ұсынады:

1) ветеринариялық зертханалардың қызметі туралы есеп (№ 9-вет нысан). Есепті пысықтау үшін бастапқы деректер осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген журналдар олардың қызметіне сәйкес болып табылады.

Б ұ л е с е п т е :

зертханалық-диагностикалық зерттеулер туралы;  
тері шикізатының сібір жарасына зерттеулері туралы;  
аккредиттелген ветеринариялық зертханалардың қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша жүргізілген сынақтардың саны туралы;  
радиометриялық және радиохимиялық зерттеулердің нәтижелері туралы;  
мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бақылауындағы импортталатын және экспортталатын өнімдердің қауіпсіздігі туралы ;

ішкі сауда объектілерінде жануарлардан алынатын еттер мен басқа тамақ өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау туралы;

ішкі сауда объектілерінің ветеринариялық-санитариялық сараптау зертханаларында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің радиологиялық зерттеулері туралы мәліметтер көрсетіледі ;

2) ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөп қоспаларын сынамалау және тіркеу сынағын жүргізу туралы есеп (№ 10-вет нысан).

20. Осы Қағидалардың 19-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ветеринариялық есептілікті мемлекеттік ұйымдардың аудандық филиалдары жасайды, есеп беру кезеңінен кейінгі айдың оныншы күнінде мемлекеттік органдардың облыстық (өңірлік) филиалдарына және ЖАО бөлімшесіне ұсынылады.

Мемлекеттік ұйымдардың облыстық (аймақтық) филиалдары есеп беру кезеңінен кейінгі айдың он бесінші күнінде мемлекеттік ұйымдардың орталық аппаратына ветеринариялық есептілікті ұсынады.

Мемлекеттік ұйымдардың орталық аппараты ветеринариялық есептілікті жинақтайды және талдауын жүргізеді, содан кейін оны есеп беру кезеңінен кейінгі айдың жиырмасыншы күнінде уәкілетті органға, ал екінші данасын ветеринария саласындағы уәкілетті органға табыс етеді.

21. Мемлекеттік мекемелер нысанындағы мемлекеттік ұйымдар есептіліктің мынадай түрлерін ұсынады:

1) осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген олардың тиісті қызметін есепке алу журналының негізінде референттік зертхананың қызметі туралы есеп жасалады (№ 11-вет нысан).

Бұл есепте зертханаларда жүргізілетін зерттеулер, қажет болған кезде ауыр металл тұздарының, антибиотиктердің, гормондардың, пестицидтердің, генетикалық түрленген организмдердің, афлатоксиндердің, диоксиндердің және басқа уытты заттардың қалдық мөлшерін көрсете отырып сараптамалар саны, сондай-ақ тамақ қауіпсіздігі бойынша басқа зертханалардың салыстырмалы зерттеулерінің нәтижелері туралы мәліметтер көрсетіледі;

2) жануарлардың аса қауіпті ауруларының ошақтарын жою туралы есеп (№ 12-вет нысан) орындалған жұмыстар актілерінің негізінде жасалады;

3) ветеринариялық бақылау посттарындағы көлік құралдарының дезинфекциясы туралы есеп (№ 13-вет нысан);

4) жануарлардың аса қауіпті ауруларымен ауыратын жануарларды алып қою және жою туралы есеп (№ 14-вет нысан);

5) ветеринариялық препараттардың республикалық қорының сақталуы және келіп түсуі туралы есеп (№ 15-вет нысан).

22. Осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген ветеринариялық есептілікті мемлекеттік ұйымдардың облыстық филиалдары жасайды және есеп беру кезеңінен кейінгі айдың он бесінші күнінде мемлекеттік ұйымдардың орталық аппаратына ұсынылады.

Мемлекеттік ұйымдардың орталық аппараты ветеринариялық есептілікті жинақтайды және талдау жүргізеді, содан кейін есеп беру кезеңінен кейінгі айдың жиырмасыншы күнінде уәкілетті орган ведомствосына, ал екінші данасын уәкілетті органға ұсынады.

## **5. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің, соның ішінде ветеринариялық бақылау бекеттерінің ветеринариялық есепке алуды жүргізу және есептілікті табыс ету тәртібі**

23. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері, ( аудандардың облыстық маңызы бар қалалардың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) сондай-ақ ветеринариялық бақылау бекеттері ветеринариялық есептің мынадай журналдарын жүргізеді:

1) шекарадағы ветеринариялық бақылау бекетіндегі алып өтілетін ( тасымалданатын) жануарларды есепке алу және тексеріп қарау журналы ( ветеринариялық есепке алу, № 33-вет нысан) автомобиль өткелдерінде, темір жол станцияларында және айлақтарда алып өтілетін (тасымалданатын) жануарларды есепке алу мен тексеріп қарауға арнаған және шекарадағы ветеринариялық бақылау бекетіндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар жүргізеді;

2) жануарлардан алынатын алып өтілетін (тасымалданатын) өнімдерді шикізатты, жемшөп пен жемшөп қоспаларын есепке алу журналы ( ветеринариялық есепке алу, № 34-вет нысан) автомобиль өткелдерінде, темір жол станцияларында және айлақтарда жануарлардан алынатын өнімдерді, шикізатты, жемшөп пен жемшөп қоспаларын тексеріп қарау туралы мәліметтерді енгізуге арналған және шекараның ветеринариялық бақылау бекетіндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар жүргізеді;

3) сойылған жануарларды тексеріп қараудың және сою пункттері (алаңдары) мен ет комбинаттарындағы ет және ет өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық сараптамасының нәтижелерін есепке алу журналы (ветеринариялық есепке алу, № 35-вет нысан).

Бұл журнал сойылған жануарларды тексеріп қараудың және сою пунктіндегі ет және ет өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық сараптамасының нәтижелерін енгізуге арналған және жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын объектілерге бекітілген мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар жүргізеді.

Сою пункттеріне (алаңдарына) және ет комбинаттарына сою үшін жеткізілген барлық жануарлар есепке алуға жатады;

4) ішкі сауда объектілерінде өткізілетін жануарларды, жануарлардан

алынатын өнімдер мен шикізатты тіркеу журналы (ветеринариялық есепке алу, № 36 - в е т н ы с а н ) .

Бұл журналды ішкі сауда объектілеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар жүргізеді;

5) Өндіріс объектілеріне есептік нөмірлерді беруге арналған өтінімдерді тіркеу журналын (ветеринариялық есепке алу, № 37-вет нысан) облыстық ( аудандық) маңызы бар қалалардың аумақтық бөлімшелері жүргізеді;

6) Өндіріс объектілеріне есептік нөмірлер беруді тіркеу журналын ( ветеринариялық есепке алу, № 38-вет нысан) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) уәкілетті органы ведомствосының аумақтық б ө л і м ш е л е р і жү р г і з е д і .

24. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері есептіліктің мынадай түрлерін табыс етеді:

1) мемлекеттік шекара арқылы алып өтілетін мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бақылауындағы алып өтілетін (тасымалданатын) объектілерді тексеріп қарау туралы есеп (№ 16-вет н ы с а н ) .

Бұл нысан бойынша есеп осы Қағидалардың 23-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген журналдар деректерінің негізінде автомобиль, темір жол, әуе және су көліктері бойынша жеке-жеке жасалады.

Есепте ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бақылауындағы алып өтілетін (тасымалданатын) объектілердің барлық түрлерін тиеу, түсіру және олардың транзиті кезінде жеке-жеке тексеріп қарау нәтижелері туралы мәліметтер көрсетіледі;

2) жануарларды толықтыруды, дайындауды (союды), жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріндегі жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау және ветеринариялық-санитариялық сараптау нәтижелері туралы есеп (№ 17-вет н ы с а н ) , он да :

союға келіп түскен жануарлардың саны мен жағдайы; союдан кейінгі ветеринариялық-санитариялық сараптаудың нәтижелері к ө р с е т і л е д і .

Бұл есепті толтырған кезде пайдаланылатын деректер осы Қағидалардың 23-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген журнал болып табылады.

Бұл есепте жануарлар мен құсты сою алдында тексеріп қарау мен олардың ұшалары мен ағзаларын союдан кейін ветеринариялық-санитариялық тексеріп қарау бойынша деректер көрсетіледі;

3) жеке және заңды тұлғалар мен жергілікті атқарушы органдардың

ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерін тексеру, сондай-ақ ветеринария саласындағы айқындалған заң бұзушылықтар туралы есеп ( № 18 - в е т н ы с а н ) .

25. Осы Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген ветеринариялық есептілікті аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері жасайды және есеп беру кезеңінен кейінгі айдың оныншы күнінде уәкілетті орган ведомствосының облыстық аумақтық бөлімшелеріне ұсынылады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) уәкілетті органы ведомствосының аумақтық бөлімшелері есеп беру кезеңінен кейінгі айдың он бесінші күнінде ведомствоға ветеринариялық есептілікті береді.

Уәкілетті органның ведомствосы жалпы республика бойынша ветеринариялық есептіліктің деректерін жинақтайды және талдау жүргізеді, содан кейін оны есеп беру кезеңінен кейінгі айдың жиырмамыншы күнінде ветеринария саласындағы уәкілетті органға табыс етеді.

26. Уәкілетті орган облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ЖАО бөлімшелері және мемлекеттік ұйымдардың орталық аппараты мен уәкілетті органның ведомствосы ұсынған есептердің барлық деректерін жинақтайды және талдайды.

27. Уәкілетті орган алынған есеп деректерінің негізінде жарты жылдықтың және өткен жылдың республика бойынша жинақталған есебін жасайды.

Есеп деректері ветеринариялық шараларды жасақтау және жануарлар ауруларының пайда болуын болжау, дамуы және оларды жою кезінде пайдаланылады.